

А.Ж. Наурызбай,

ҚазГЗУ, құқықтық саясат және конституциялық заңнама
ҒЗИ-дің бас ғылыми қызметкері, з.ғ.к., доцент

**Тіл туралы Заңның кейбір баптарының
Конституцияның 93 - бабына сәйкестігі жөнінде**

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң елімізде қасиетті ана тіліміздің қазіргі ахуалы мен болашағын анықтайтын, тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейтін аса маңызды заңнамалық әрі саяси-әлеуметтік мәні зор құжат болғандықтан, бұл заң жөнінде көпшілік пен мамандар арасында әртүрлі пікір мен сұрақтар туындауы түсінікті құбылыс. Соның бірі - Тіл туралы Заңның 12, 15, 16, 21, 22 - баптарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 93 - бабына сәйкестігі

жөнінде. Аталмыш Заңның көрсетілген баптарын қарастырсақ, мәселенің мәнісі Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдарында, мәмілелер жасасуда, білім беру және байланыс салаларында, деректемелер мен көрнекті ақпаратта орыс тілінің мемлекеттік тілмен қатар қолданылуында екендігі көрінеді [1].

Ал енді Қазақстан Республикасы Конституциясының 93-бабына келер болсақ, көтеріліп отырған мәселенің бұл бапқа қатыстылығы негізінен Конституцияның 7-бабына сілтеме жасалуында деп ойлаймыз. Онда: «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті», - деп атап көрсетілген [2, 35].

Бұл тұрғыдан келгенде, Тіл туралы Заңның талданып отырған баптары Конституциямыздың тілдердің конституциялық мәртебесін бекіткен 7 - бабына да, оны жүзеге асыруға бағытталған 93 - бапқа да толық сәйкес келеді деп айта алмаймыз. Себебі, Конституцияның 7- бабында былай деп көрсетілген:

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай тугызуға қамқорлық жасайды [2, 5-6].

Басты мәселе - орыс тілінің мемлекеттік тіл - қазақ тілімен - мәртебесі тең еместігінде. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қосымша қаулысында:

«...3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тыс жерлерде, атап айтқанда, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөнгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қазақ және орыс тілдерінің тең қолданылуын

белгілемейді, ал Конституцияның 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған «тең» термині мұндай іс-шараларға қатысты емес», - деген қорытынды берген [3].

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12, 15, 16, 21, 22 - баптарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 93-бабына негізінен сәйкес екендігі жөнінде пікір айтуға болады. Толық шешу үшін уақыт, кешенді іс-шара, жүйелі жұмыс керек. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы халыққа Жолдауында: «Қазақ тілі, біздің Конституциямызға сәйкес, мемлекеттік тіл болып табылады. Онымен бірдей мемлекеттік органдарда ресми түрде орыс тілі пайдаланылады. Бұл біздің Конституцияның нормасы, оны бұзуға ешкімге жол берілмейді. Қазақ тілінің жоспарлы түрде дамуы орыс тіліне нұқсан келмейтіндей жағдайда жүзеге асады... Қазақ тілі, біздің мемлекеттік тіліміз өсіп-өркендеп келеді. 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады», - деп атап көрсетілген [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. *«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы Қазақстан Республикасының заң актілері. - Алматы: ЮРИСТ, 2009.*
2. *Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: ЮРИСТ, 2004.*
3. *Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қосымша қаулысы. - Егемен Қазақстан, 2007. - 3 наурыз.*
4. *Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты / Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Егемен Қазақстан, 2012. - 28 қаңтар.*